

"Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 22 қаңтардағы № 25 қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б.Сағынтаев

Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жалпыұлттық жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Жалпыұлттық жоспар іс-шараларының мүлтіксіз және уақтылы орындалуын, сондай-ақ Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауының ережелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүйелі негізде жүргізуді қамтамасыз етсін;

2) есепті жылдан кейінгі жылдың 25 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Жалпыұлттық жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, басқа да мемлекеттік органдардың бірінші басшылары Жалпыұлттық жоспар іс-шараларының мүлтіксіз және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н.Назарбаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2018 жылғы қаңтардағы
№ Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

**"Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ**

Р / с №	Іс-шаралардың атауы	Аяқталу нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1 . Индустрияландыру - жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысы				
1.	Өнім экспорты мен технологиялар трансфертіне бағдарлана отырып, отандық кәсіпорындарды жаңғыртуға және цифрландыруға бағытталған жаңа құралдарды жетілдіру және әзірлеу	мемлекеттік органдардың бұйрығы	ИДМ, АКМ, АШМ, ЭМ, ҰЭМ, Қаржымині, ҚАӨМ, "Самұрық-Қазына" ҰӨҚ" АҚ (келісім бойынша), "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісім бойынша), "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ (келісім бойынша), "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы желтоқсан
	Бірқатар өндірістік кәсіпорындарды цифрландыру	Қазақстан Республикасы	ИДМ, АКМ, ЭМ, ҚАӨМ,	"

2.	жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру және алынған тәжірибені одан әрі кеңінен тарату	Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	Самұрық-Қазына" ҰОҚ" АҚ (келісім бойынша)	2018-2022 жылдардағы желтоқсан
3.	Назарбаев Университеті, Астана халықаралық қаржы орталығы және ІТ-стартаптардың халықаралық технопаркі инновациялық орталықтарында цифрлық және басқа да инновациялық шешімдерді әзірлеушілердің экожүйесін дамыту жөніндегі жол картасын әзірлеу	АКМ, "Назарбаев Университеті" ДБҰ, "АХҚО" әкімшілігі" АҚ, "Зерде" холдингі" А Қ Халықаралық ІТ-стартаптар технопаркі)	АКМ, ИДМ, БҒМ, ҰЭМ, "Назарбаев Университеті" ДБҰ (келісім бойынша), "АХҚО" әкімшілігі" АҚ (келісім бойынша), Халықаралық ІТ-стартаптар технопаркі (келісім бойынша)	
4.	"Инновациялық технологиялар паркі" дербес кластерлік қорының қызметіне талдау жүргізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ИДМ, ЭМ, Қаржымині, Алматы қаласының әкімдігі, "ИТП" ДҚҚ (келісім бойынша)	2018 жылғы мамыр
5.	"Инновациялық технологиялар паркі" инновациялық кластерінің қызметін қайта ұйымдастыруға бағытталған нормативтік құқықтық актілерді қабылдау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ИДМ, АКМ, ҰЭМ, Әділетмині, ЭМ, Қаржымині, "ИТП" ДҚҚ (келісім бойынша)	2018 жылғы қазан
6.	Заңнамаға мынадай: жаңа технологиялардың трансферт мәселелерін қоса алғанда, нақты сектордың оларға сұранысын; венчурлық қаржыландырудың жеке нарығын ынталандыруды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	АКМ, ҰЭМ, ИДМ, Қаржымині, АШМ, ЭМ, ҚАӨМ, ҰБ (келісім бойынша), "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісім бойынша), "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша), "Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік" АҚ бойынша), "Зерде" ҰИХ" АҚ (келісім бойынша) (келісім бойынша), Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы (келісім бойынша)	2018 жылғы қыркүйек
7.	Еңбек ресурстарының ағынын (өндірісті жаңғырту, цифрландыру кезінде босайтын Жұмыс күшін жұмысқа орналастыру, қайта оқыту)	Қазақстан Республикасы	Еңбекмині, АКМ, ИДМ, ҰЭМ, ЭМ, А Ш М, облыстардың, Астана және	2018-2019 жылдары

	басқару жөніндегі жол картасын әзірлеу мен іске асыру және оның мониторингі	Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	А л м а т ы қалаларының әкімдіктері	тоқсан сайын
8.	"Цифрлық дәуір" өнеркәсібін (инновацияларға, технологиялар трансфертіне баса назар аудару, өңдеуші өнеркәсіпті цифрландыруға жәрдемдесу) қалыптастыруға бағытталған индустрияландырудың үшінші бесжылдығы тұжырымдамасын әзірлеу Индустриялық-инновациялық дамудың 2020 - 2024 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары	ИДМ, ҰЭМ, ЭМ, АШМ, ҚАӨМ, АКМ, БҒМ, Еңбекмині, Қаржымині, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша), "Назарбаев Университеті" ДБҰ (келісім бойынша), "ИТП" ДҚК (келісім бойынша), Самұрық-Қазына"ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша), "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісім бойынша), "Зерде" ҰИХ" АҚ (келісім бойынша), "Қазақстандық индустрияны дамыту институты" АҚ (келісім бойынша)	2018 жылғы желтоқсан 2019 жылғы желтоқсан
9.	Зияткерлік меншік саласында сараптамалық ұйымдардың қызметі мен ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын әлемдік практикаға сәйкес келтіру	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Әділетмині, ҰЭМ, Қаржымині, ИДМ, БҒМ, АКМ	2018 жылғы тамыз
2. Ресурстық әлеуетті одан әрі дамыту				
10.	Табиғи ресурстарды басқару кезінде кешенді ақпараттық-технологиялық тәсілдерді енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ИДМ, ЭМ, АКМ	2018 жылғы маусым
11.	Нормативтік құқықтық актілерге мынадай: кәсіпорындардың энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуіне; энергия өндірушілердің өз жұмыстарының экологиялық тазалығы мен тиімділігіне	Қазақстан Республикасы	ИДМ, ЭМ, ҰЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының	

	қойылатын талаптарды жетілдіруді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Президентінің Әкімшілігіне ұсыныс	әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	"2018 жылғы қыркүйек
12.	"Жасыл технологияға" инвестициялау бөлігінде бизнесті ынталандыру жөніндегі шараларды пысықтау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныс	ЭМ, ИДМ, ҰЭМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша), "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы тамыз
13.	Шағын және орта бизнес субъектілерін кеңінен тарта отырып, тұрмыстық қатты қалдықтарды заман талабына сай кәдеге жарату және өңдеу бойынша шаралар кешенін әзірлеу және қабылдау	ЭМ-ге ақпарат, облыстардың, Астана және Алматы қалалары әкімдіктерінің қаулылары	облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы қыркүйек
14.	Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі жобасының жаңа редакциясын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Кодексінің жобасы	ЭМ, ИДМ, Қаржымині, Әділетмині, ҰЭМ, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2019 жылғы желтоқсан

3. "Ақылды технологиялар" - агроөнеркәсіптік кешенді қарқынды дамыту мүмкіндігі

15.	Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына мыналарды: 5 жыл ішінде АӨК-дегі еңбек өнімділігін және өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспортын кемінде 2,5 есеге арттыруды; өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімі (дақылдары) түрлерін әртараптандыруды; аграрлық ғылымды дамытуды, оның ішінде жаңа технологиялар трансфертін және оларды отандық жағдайға бейімдеуді; АӨК және ғылыми қызмет үшін қажетті мамандарды даярлау бөлігінде аграрлық университеттердің ролін қайта қарауды; "Қазақстанда жасалған" табиғи азық-түлік брендині ілгерілету үшін шикізатты өңдеуді дамыту және халықаралық нарыққа шығарудың стратегиялық	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ, ҰЭМ, Қаржымині, ИДМ, БҒМ, "Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (келісім бойынша), "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ (келісім бойынша), "KAZAKHINVEST" ҰК" АҚ (келісім бойынша), "Kazakh Export" АҚ (келісім бойынша), "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша), облыстардың, Астана және	
-----	--	---	--	--

	тауашасын айқындауды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу		А л м а т ы қалаларының әкімдіктері	2018 жылғы шілде
16.	Ауыл шаруашылығы кооперациясын одан әрі дамыту және оларды өңірде көбейту үшін өңірдің ерекшелігін ескере отырып, әрбір өңірде модельдік пилоттық ауыл шаруашылығы кооперациясын құру жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныс	АШМ, Қаржымині, ҰЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2018 жылғы наурыз
17.	Халықаралық талаптарға сәйкес техникалық реттеу жүйесін жаңғырту жолымен техникалық регламенттерді бұза отырып өндірілген өнімнен елдің ішкі нарығын қорғауды қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныс	ИДМ, АШМ, ПМ, ЭМ, Әділетмині, БП, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2018 жылғы маусым
18.	Қауіпсіздікті және "фермадан үстелге" қағидаты бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерін қадағалауды қамтамасыз етудің бірыңғай жүйесін құру, сондай-ақ ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ветеринариялық қызмет деңгейі бойынша ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныс	АШМ, ДСМ, Қаржымині, ҰЭМ, Әділетмині, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2018 жылғы мамыр
19.	Жерді тиімді пайдалану бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді ынталандыру және сарапшылар мен жұртшылықты тарта отырып, тиімсіз пайдаланушыларға шара қолдану жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныс	АШМ, ҰЭМ, Қаржымині, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы маусым
20.	Тиімсіз субсидияларды АӨК субъектілеріне арналған банк кредиттерін арзандатуға қайта бағдарлау және АӨК субъектілері үшін банктік кредиттеуге, микроқаржыландыруға және сақтандыруға қолжетімділікті кеңейту	АШМ бұйрығы	АШМ, ҰЭМ, Қаржымині, ҰБ, "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ (келісім бойынша), "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы шілде
4. Көлік-логистика инфрақұрылымының тиімділігін арттыру				
	Цифрлық технологияларды қолдана отырып, Интеллектуалды көлік жүйесін		ИДМ, Қаржымині, АКМ, АШМ, "ҚТЖ" ҰК" АҚ (

21.	кезең-кезеңімен енгізу бойынша шаралар жоспарын әзірлеу және қабылдау	ИДМ мен АКМ бірлескен бұйрығы	келісім бойынша), "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы шілде
22.	"Блокчейн" сияқты заманауи технологияларды зерделеу және енгізуді қамтамасыз ету және жүк қозғалысын онлайн режимде мониторингілеу және кедендік рәсімдерді оңайлату үшін " ауқымды деректерді" талдау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ИДМ, Қаржымині, АКМ, АШМ, " ҚТЖ" ҰК" АҚ (келісім бойынша), "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы желтоқсан
23.	Ішкі өңірлік мобильділікті жақсарту үшін автожолдардың жергілікті желісін жөндеу мен реконструкциялауды қаржыландыруды ұлғайту, жергілікті бюджеттерді ескере отырып жыл сайын бөлінетін қаражаттың жалпы көлемін орта мерзімді перспективада 150 миллиард тенгеге дейін жеткізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ИДМ, Қаржымині, Ұ Э М , облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2018 жылғы желтоқсан
5. Құрылысқа және коммуналдық секторға заманауи технологияларды енгізу				
24.	Мыналарды: құрылыс салудың жаңа әдістерін, заманауи материалдарды, сондай-ақ ғимараттарды жобалауда және қала құрылысын жоспарлауда мүлде басқа тәсілдерді қолдануды; ғимараттардың сапасына, экологиялық тазалығына және энергиялық тиімділігіне жоғары талап қоюды көздейтін сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерді жетілдіру	ИДМ бұйрығы	ИДМ, ЭМ, ПМ, " Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы желтоқсан
25.	"Нұрлы жер" тұрғын үй құрылысы бағдарламасына тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру, оның ішінде құрылыс пен ипотекалық кредиттеуді арзандату, тұрғын үймен қамту көрсеткішін 2030 жылға қарай бір тұрғынға шаққанда 30 шаршы метрге дейін жеткізу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИДМ, ҰЭМ, Қаржымині, АШМ, ҰБ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, " Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісім бойынша), " Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2019 жылғы маусым
26.	Нормативтік құқықтық актілерге көппәтерлі тұрғын үйлерді интеллектуалды басқару	ИДМ бұйрығы	ИДМ, АКМ, Қаржымині, ҰЭМ, облыстардың, Астана және Алматы	

	жүйелерімен жарактауды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу		қалаларының әкімдіктері	2018 жылғы желтоқсан
27.	Табиғи монополиялар субъектілерін қызмет тиімділігін және реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну сапасын арттыруға ынталандыруды көздейтін "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау	Қазақстан Республикасының Заңы	ҰЭМ, "Атамекен" ҰТСП (келісім бойынша)	2018 жылғы желтоқсан
28.	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасына ауылдық елді мекендерді сапалы ауызсумен қамтамасыз ету үшін барлық қаражат көздерінен жыл сайын кемінде 100 миллиард теңге бөлуді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҰЭМ, ИДМ, АШМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы қыркүйек
6. Қаржы секторын "қайта жаңғырту"				
29.	Банктік портфельдерді "нашар" кредиттерден арылту ісін аяқтау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ҰБ, Қаржымині, ҰЭМ, Әділетмині	2018-2022 жылдардағы желтоқсан
30.	М ы н а л а р : банк иелерінің экономикалық жауапкершілігі; банк акционерлерінің еншілес компаниялар мен жеке адамдардың пайдасы үшін қаржы шығарғаны үшін қылмыстық жауапкершілігін белгілеу жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар	ҰБ, Қаржымині, ҰЭМ, Әділетмині	2018 жылғы сәуір
31.	Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Қаржымині, ҰЭМ, ҰБ	2018 жылғы маусым

32.

М ы н а л а р :

Ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар е н г і з у ;

Ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасының шарттарына сәйкес валюталық қарыздарды айырбастауды жүзеге асыру арқылы халыққа 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін берілген валюталық ипотекалық қарыздар мәселесі бойынша жұмыстарды аяқтау

Қазақстан
Республикасы
Президентінің
Әкімшілігіне
ақпарат

ҰБ

				шілде, желтоқсан
33.	Бизнесті экономика салаларындағы нақты рентабельділікті есепке алатын мөлшерлемелермен ұзақ мерзімді кредиттеуді қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ҰБ, ҰЭМ, Қаржымині	2018 жылғы шілде
34.	Инвестициялық ахуалды жақсарту және қор нарығын дамыту жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар	ҰБ, ҰЭМ, Қаржымині, ИДМ, "АХҚО" әкімшілігі" АҚ (келісім бойынша), "Қазақстан қор биржасы" АҚ (келісім бойынша)	2018 жылғы шілде
35.	Астана халықаралық қаржы орталығының алаңын "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ ұлттық компаниялары мен басқа компаниялар акцияларының IPO өткізуге даярлауды қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	АХҚО" әкімшілігі " АҚ (келісім бойынша), Қаржымині, ҰЭМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	2018 жылғы наурыз
36.	"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ ұлттық компанияларының акцияларын жария орналастыруды кезең-кезеңімен өткізуді қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша), "АХҚО" әкімшілігі" АҚ (келісім бойынша), ҰЭМ, ҰБ, Қазақстан қор биржасы" АҚ (келісім бойынша)	2018-2020 жылдардағы желтоқсан
7. Адами капитал - жаңғыртудың негізі				
37.	Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына: университеттер жанындағы педагогикалық кафедралар мен факультеттерді дамытуды; орта мектептердің, колледждер мен жоғары оқу орындарының үздік оқытушыларының бейнесабақтарын жіне бейнедәрістерін интернетте орналыстыруды; цифрлық білім беру ресурстарын дамытуды, кен жолақты интернетке қосуды және мектептерді бейнежабдықтармен жабдықтауды; отандық жас ғалымдарды, оларға	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ, ҰЭМ, ИДМ, АШМ, АҚМ, Еңбекмині, Қаржымині, Әділетмині, ДСМ, МСМ, ЭМ, Қорғанысмині, Қ А Ө М, облыстардың, Астана және Алматы	

	ғылыми гранттар шеңберінде квоталарды бөле отырып қолдауды; оқытушыларды қайта даярлауды нығайтуды, жоғары оқу орындарына шетелдік менеджерлерді тартуды; металлургияны, мұнай-газ химиясын, АӨК-ні, био- және IT-технологияларды зерттеуге басымдық беру арқылы жоғары оқу орнындағы ғылымды дамытуды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу		қалаларының әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша), НЗМ (келісім бойынша)	2018 жылғы шілде
38.	Балалардың ерте жастан дамуы үшін олардың әлеуметтік дағдысын және өз бетінше оқу дағдысын дамытатын бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын енгізу	БҒМ бұйрығы	БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, НЗМ (келісім бойынша)	2018 жылғы желтоқсан
39.	Білім берудің барлық деңгейінде математика 1 және жаратылыстану ғылымдарын оқытудың сапасын арттыру	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2019 жылғы қыркүйек
40.	Орта білім беруде оқушыға түсетін жүктемені төмендету бойынша шаралар қабылдау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	БҒМ, ҰЭМ, Қаржымині, Әділетмині, Еңбекмині, ДСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша), НЗМ (келісім бойынша)	2018 жылғы тамыз
41.	Білім беру мекемелерінің арасында бәсекелестікті арттыру және жеке капиталды тарту үшін қала мектептерінде жан басына катысты қаржыландыруды енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	БҒМ, ҰЭМ, Қаржымині, Әділетмині, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018-2020 жылдардағы желтоқсан
	Барлық өңірлерде оқушылар сарайының базасында компьютерлерді, зертханаларды		БҒМ, ҰЭМ, Әділетмині, ИДМ, облыстардың,	

42.	және 3D-принтерлерді қоса алғанда, барлық қажетті инфрақұрылымы бар балалар технопарктері мен бизнес-инкубаторлар желісін құру	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018-2019 жылдардағы желтоқсан
43.	Терминдер мен ұғымдарды аудару тәсілдерін әзірлеу және бұрын аударылған терминдер мен ұғымдарды жалпыға бірдей танылған халықаралық аналогтарға сәйкестендіру тұрғысынан қайта қарау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	БҒМ, МСМ	2018 жылғы желтоқсан
44.	Білім берудің барлық деңгейінде 2025 жылға дейін латын әліпбиіне көшудің кестесін әзірлеу және бекіту	БҒМ бұйрығы	БҒМ, МСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2018 жылғы сәуір
45.	Жұмыс берушілерді тарту арқылы және халықаралық талаптар мен цифрлық дағдыларды ескере отырып, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын жаңарту	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	БҒМ, АҚМ, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы қыркүйек
46.	Жоғары білім беру ісінде ақпараттық технологиялар бойынша білім алған, жасанды интеллектпен және "ауқымды деректермен" жұмыс істеуді меңгерген түлектер санын көбейту	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ, АҚМ, ҚАӨМ	2018-2020 жылдардағы маусым
47.	Қолданбалы ғылыми-зерттеулерді ағылшын тіліне біртіндеп көшіруді қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	БҒМ, ИДМ, МСМ, ҰЭМ, Қаржымині, ДСМ, АШМ, Қорғанысмині, ҚАӨМ, ЭМ, ПМ	2018 жылғы қараша
48.	Жоғары оқу орындарының шетелдердің жетекші университеттерімен және зерттеу орталықтарымен, ірі кәсіпорындармен және трансұлттық компаниялармен бірлескен жобаларды іске асыруы	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	БҒМ, ИДМ, СІМ, ҰЭМ, Қаржымині, Әділетмині, АШМ, Қорғанысмині, МСМ, ПМ, ДСМ	2018-2019 жылдардағы желтоқсан
49.	Басым қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін жеке сектор тарапынан міндетті қоса қаржыландыру талабын енгізу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ, ИДМ, Қаржымині, ҰЭМ, Әділетмині, МСМ, ДСМ, АШМ, Қорғанысмині, ҚАӨМ, ЭМ, ПМ	2018 жылғы қараша
	Заңнамаға жоғары оқу орындарына білім беру			

50.	бағдарламаларын, сондай-ақ жоғары оқу орындарының рейтингін жасауға және бағалауға көбірек құқық беріп, олардың академиялық еркіндігін бекітуді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасының Заңы	БҒМ, Әділетмині, ҰЭМ, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы желтоқсан
51.	Білім берудің жаңартылған мазмұнына көшкен мұғалімдердің лауазымдық жалақысын 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 30%-ға көбейту	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	БҒМ, Қаржымині, Еңбекмині	2018 жылғы сәуір
52.	Санахтар арасындағы алшақтықты арттырып, ұлттық біліктілік тест негізінде біліктілік деңгейін және оның өсуін ескеретін, мұғалімдер үшін жалақы деңгейін 50%-ға дейін арттыруға мүмкіндік беретін педагогтік шеберлік санаты үшін қосымша ақының жаңа кестесін енгізу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ, Қаржымині, Еңбекмині, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2018 жылғы қараша
53.	Қоғамдық денсаулықты басқару жөніндегі шаралар жоспарын әзірлеу және қабылдау	ДСМ бұйрығы	ДСМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2018 жылғы мамыр
54.	Астана қаласында ғылыми онкологиялық орталық құру жөніндегі іс-шараларды көздей отырып, Онкологиялық аурулармен күрес жөніндегі кешенді жоспар әзірлеу және қабылдау	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ДСМ, Қаржымині, "Назарбаев Университеті" ДБҰ (келісім бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2018 жылғы маусым
55.	Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін жетілдіру	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ДСМ, ҰЭМ, Қаржымині, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	" 2018 жылғы мамыр
56.	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек тізбесін әзірлеу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ДСМ, ҰЭМ, Қаржымині, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	" 2019 жылғы мамыр
57.	Ақпараттық жүйелерді интеграциялау, мобильдік цифрлық қосымшаларды қолдану, электрондық денсаулық паспортын енгізу, "қағаз қолданбайтын ауруханаға" көшу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ДСМ, АҚМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2018-2020 жылдардағы қаңтар, шілде
58.	Медицинада инновациялық технологияларды енгізу (жасанды интеллект, генетикалық	Қазақстан Республикасы Президентінің	ДСМ, АҚМ	2018-2020 жылдардағы

	талдау негізінде медицинаны дербестендіру)	Әкімшілігіне ақпарат		қаңтар, шілде
59.	Медициналық жоғары оқу орындарының жанынан, оның ішінде МЖӘ тетіктерін қолдана отырып университет клиникаларын ашу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныс	ДСМ, БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2018-2019 жылдардағы желтоқсан
60.	"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің жаңа редакциясын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Кодексінің жобасы	ДСМ, Әділетмині, Қаржымині, ҰЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2019 жылғы маусым
61.	Жұмысшыларға қажетті білімді, дағдыларды және құзыретті нақты бекіту арқылы барлық негізгі басым мамандықтар бойынша заманауи кәсіби стандарттарды әзірлеу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	Еңбекмині, БҒМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018-2019 жылдардағы желтоқсан
62.	Кәсіби стандарттардың талаптарына негізделе отырып, білім берудің жаңа бағдарламаларын әзірлеу және/немесе қолданыстағыларын жаңарту	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	БҒМ, АҚМ, Еңбекмині, мүдделі мемлекеттік органдар, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018-2019 жылдардағы желтоқсан
63.	Бейресми өз-өзін жұмыспен қамтыған халықты ресмилендіру және оларды ел экономикасына және тиісінше міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне тарту бойынша 2018 - 2019 жылдарға арналған ұйымдастырушылық іс-шаралар жоспарын (Жол картасын) іске асыру	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	Еңбекмині, ҰЭМ, Қаржымині, АШМ, БҒМ, Әділетмині, ПМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018-2019 жылдары тоқсан сайын
64.	Өз-өзін жұмыспен қамтыған және жұмыссыз азаматтарды қамтуды кеңейтуді көздейтін Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған бағдарламасының жаңа құралдарын іске асыру және мониторингілеу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	Еңбекмині, АШМ, БҒМ, ҰЭМ, облыстардың Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018-2019 жылдардағы қаңтар, шілде
	Бейресми жұмыспен қамтылған халықтың қызметін ресмилендіруді, еңбек			

65.	кітапшалары мен еңбек шарттарын электронды нысанға ауыстыруды көздейтін "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бейресми жұмыспен қамтылған адамдардың қызметін ресмилендіру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Еңбекмині, ҰЭМ, АШМ, БҒМ, Әділетмині, АҚМ, ІМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы желтоқсан
66.	Республикада электрондық еңбек биржасын іске қосуды көздейтін "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны және жұмыспен қамтылуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау	Қазақстан Республикасының Заңы	Еңбекмині, АҚМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2018 жылғы наурыз
67.	Әлеуметтік сақтандыру жүйесінен төленетін төлемдер параметрлерін жетілдіруді және олардың еңбек өтілімен өзара байланысын күшейтуді көздейтін "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын жаңа редакцияда әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Еңбекмині, ҰЭМ, Қаржымині, ҰБ	2018 жылғы желтоқсан
68.	Кәмелеттік жастағы бала кезінен І топтағы мүгедектерге күтім жасайтын ата-аналар үшін мемлекеттік жәрдемақы енгізуді көздейтін "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау	Қазақстан Республикасының Заңы	Еңбекмині, Қаржымині, Әділетмині	2018 жылғы сәуір-мамыр
8. Тиімді мемлекеттік басқару				
69.	Бизнесті реттеуге қатысуды одан әрі азайтуға бағытталған Заң қабылдау	Қазақстан Республикасының Заңы	ҰЭМ	2018 жылғы сәуір

70.

Бизнестің "жалғыз терезе"
қағидаты бойынша мемлекеттік
қолдауды алу процесін
цифрландыруды қамтамасыз ету

Қазақстан
Республикасы
Президентінің
Әкімшілігіне
ақпарат

ҰЭМ, АҚМ,
МҚІСҚА, АШТМ,
ИДМ, "Бәйтерек" Ұ
БХ" АҚ (келісім
бойынша), " "
ҚазАгро" ҰБХ" АҚ
(келісім бойынша),
"Атамекен" ҰКП (
келісім бойынша)

				жылдардағы желтоқсан
71.	Бизнес-климатты, әсіресе, өңірлік деңгейде жақсартуға және бизнесті қолдауға, оны көлеңкеден шығаруға бағытталған жүйелі шаралардың жаңа пакетін дайындау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ҰЭМ, МҚІСҚА, барлық орталық мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы шілде
72.	Жекешелендіру объектілерінің тізбесін, оның ішінде мемлекеттік органдардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының санын қысқарту есебінен кеңейту	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша), "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісім бойынша), "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ (келісім бойынша)	2018 жылғы тамыз
73.	ІРО-ға шығарылатын активтерді қоспағанда, жекешелендіру жоспарын іске асыруды жеделдету	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	Қаржымині, ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша), "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісім бойынша), "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ (келісім бойынша)	2018 жылғы желтоқсан
74.	Жекешелендіруге жататын мемлекеттік органдардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының тізбесін тексеру және айқындау, сондай-ақ әкімшілік шығыстарды азайту мақсатында оларды шоғырландыру	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ҰЭМ, Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар	2018 жылғы тамыз
75.	Орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда факторлық-балдық шәкіл негізінде мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізу бойынша пилоттық жобаны іске асыру	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	МҚДСҚА, ҰЭМ, Қаржымині, Әділетмині, Астана қаласы мен Маңғыстау облысының әкімдіктері	2018 жылғы қараша

76.	Визалық рәсімдерді жеңілдетуді, "кіру-шығу" бақылауын цифрландыруды, инфрақұрылымды дамыту мен туризм саласындағы кедергілерді жоюды көздейтін сырттан келу туризмі мен ішкі туризмді дамыту бойынша шаралар кешенін қабылдау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	МСМ, ҰЭМ, Қаржымині, АШМ, АКМ, Әділетмині, ДСМ, СІМ, ИМ, ИДМ, БҒМ, "Назарбаев Университеті" ДБҰ (келісім бойынша), "Кагакh Tourism" ҰК" АҚ (келісім бойынша), ҰҚК облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы шілде
77.	Бюджетаралық қатынастар, мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді, функцияларды бөлу және саны мәселелерін қарастыра отырып, шағын және орта бизнестен корпоративтік табыс салығын жергілікті бюджеттерге беру үшін заңнамалық базаны дайындау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ҰЭМ, Қаржымині, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2018-2019 жылдардағы желтоқсан
78.	Қазақстан Республикасының 2017 - 2020 жылдарға арналған ұлттық қауіпсіздік стратегиясына : нақты уақыт режимінде азаматтардың ескертулері мен ұсыныстарын есепке алу және жедел ден қою үшін мемлекеттік органдардың заманауи цифрлық технологияларды қолдануы; мемлекеттің "электрондық шекарасын" және Қазақстан Республикасының аса маңызды ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын дамытуды қоса алғанда, ақпараттық жүйелерді, қондырғыларды сенімді қорғау мен өндірістік және инфрақұрылым объектілерін басқаруға қол жеткізуді қамтамасыз ету бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы	ҚАӨМ, АКМ, ҰҚК, барлық орталық мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2018 жылғы желтоқсан
9. Жемқорлықпен күрес және заңның үстемдігі				
	М ы н а л а р : сыбайлас жемқорлық құқық			

79.	бұзушылықтарының алдын алу нысандары мен әдістерін жетілдіру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда алдын алу құрамдауышының күшейтуі; қоғам санасына сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына мүлде төзбеушілікті сіңіру және осы жұмыста азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл жасасу бойынша ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар	МҚІСҚА, БП, ЖС, Әділетмині, ПМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2018 жылғы наурыз
80.	Қылмыстық және әкімшілік-деликтік процестерді, оның ішінде азаматтардың өтініштерін қарау мәселелерінде цифрландыруды кезең-кезеңмен қамтамасыз ету	бірлескен бұйрық	БП, ЖС, МҚІСҚА, ПМ, ҰҚК, Әділетмині, мүдделі мемлекеттік органдар	2018 жылғы наурыз
81.	"Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын қабылдау	Қазақстан Республикасының заңдары	Әділетмині, мүдделі мемлекеттік органдар	2018 жылғы маусым
82.	Құқықтық мәртебесі мен соттылықты айқындай отырып, тергеу соттарын қалыптастыру	нормативтік құқықтық актілер	ЖС, ЖСК, ГП, мүдделі мемлекеттік органдар	2018 жылғы наурыз
83.	Ізгілендіру және әсіре қатаңдығын төмендету мақсатында, оның ішінде: әкімшілік құқық бұзушылықтың бірқатар құрамын азаматтық немесе тәртіптік жауапкершілік саласына ауыстыру; ықтимал жеңілдету және төмендету тұрғысынан әкімшілік әрекеттер санкциясын қайта қарау бөлігінде әкімшілік-деликтік заңнаманы одан әрі жетілдіру бойынша түзетулерді пысықтау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар	Әділетмині, БП, ЖС, МҚІСҚА, ПМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2018 жылғы наурыз 2018 жылғы қазан
	Заңнаманы және құқық қолдану практикасын жетілдіру бойынша: азаматтарды қылмыстық процесте, оның ішінде негізсіз қылмыстық қудалау мен соттаудан қорғау деңгейін			

84.	жоғарылатуға; құқық қорғау қызметінің ашықтығын күшейтуге, дәлелдеу стандарттарын енгізуге; қылмыстық процестің әсіре қатаңдығын төмендетуге және оны ізгілендіруге, оның ішінде қамауда ұстаумен байланысты емес бұлтартпау шараларын қолдану саласын кеңейтуге; қылмыстық қудалау саласында құқық қорғау стандарттарын енгізуге және нығайтуға; қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіруге, бостандықтан айыруға баламалы шаралар қолдану саласын олардың орындалу тиімділігін арттыра отырып кеңейтуге; қылмыстық процесте сотқа дейінгі кезеңде және сот талқылауы кезеңінде медиацияны қолдану саласын кеңейтуге бағытталған ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар	БП, ЖС, ҰҚК, МҚІСҚА, Әділетмині, ІІМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2018 жылғы мамыр
85.	Қылмыстық жазаларды орындау жүйесін одан әрі ізгілендіру бойынша ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар	ІІМ, БП, МҚІСҚА, ҰҚК, мүдделі мемлекеттік органдар	2018 жылғы мамыр
86.	Көшелерде және адам кеп жиналатын орындарда бейнебақылау жүргізетін, азаматтарды анықтайтын және жол қозғалысын бақылайтын интеллектуалды жүйелерді белсенді түрде енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ІІМ, АҚМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2018-2019 жылдардағы мамыр
10. "Ақылды қалалар" "ақылды ұлт" үшін				
87.	Бар тәжірибе негізінде "Смарт Сити" "эталонды" стандартын қалыптастыру	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	АҚМ, ДСМ, БҒМ, Еңбекмині, ІІМ, Әділетмині, ИДМ, ҰЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы шілде
	Өңірлік деңгейде бұл жұмысты үйлестіруді күшейте отырып, тиімділігі аз жүйелерді енгізуге бюджет шығыстарын төмендету	Қазақстан Республикасы	АҚМ, ҰЭМ, ИДМ, ДСМ, БҒМ, Еңбекмині, ІІМ, Әділетмині, облыстардың,	

88.	үшін "Смарт Ситидің" (бір өңір/елді мекен негізінде) озық шешімдерін тәжірибелік сынақтан өткізу тетіктерін әзірлеу	Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы желтоқсан
-----	---	------------------------------------	--	----------------------

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АКМ	Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
"АХҚО" әкімшілігі АҚ	"Астана халықаралық қаржы орталығы" әкімшілігі" акционерлік қоғамы
"Атамекен" ҰКП	Қазақстан Республикасының "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасы
А Ш М	Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
Әділетмині	Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ	"Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы
Б П	Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы
Б Ғ М	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Д І А Қ М	Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі
Д С М	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
Еңбекмині	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Ж С	Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты
Ж С К	Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі
"Зерде" ҰИХ" АҚ	"Зерде" ұлттық инфокоммуникациялық холдингі" акционерлік қоғамы
ИДМ	Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі
"ИТП" ДКҚ	"Инновациялық технологиялар паркі" дербес кластерлік қоры
"ҚазАгро" ҰБХ" АҚ	"ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы
"ҚТЖ" ҰК" АҚ	"Қазақстан теміржолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы
"KAZAKHINVEST" Ұ К " А Қ	"KAZAKEITNVEST" ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы
"Қазақстан кор биржасы" АҚ	"Қазақстан кор биржасы" акционерлік қоғамы

Қ А Ө М	Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
Қаржымині	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
Қорғанысмині	Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі
М Қ І С Қ А	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі
М Ж Ә	мемлекеттік-жекешелік әріптестік
М С М	Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі
"Назарбаев Университет" ДБҰ	"Назарбаев Университеті" дербес білім беру ұйымы
Н З М	"Назарбаев зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымы
Н Қ А	нормативтік құқықтық актілер
"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ	"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы
С І М	Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
Ұ Б	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Ұ Қ К	Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Ұ Э М	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
І І М	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
Э М	Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі
"Kazakh Export" АҚ	"Kazakh Export" акционерлік қоғамы
"Kazaich Tourism" ҰК АҚ	"Kazakh Tourism" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы